

**Келісіді:
Әдіскер
ЖНПС «Бөбек балабақша - бөбекжайы»
«Бөбек» корпус «Kinder Ville»**

Жамбаев **Ж.Б. Тоимбаева**

ЖШС «Бөбек-балақаша – бөбекжайы
көрпүс «Kinder Ville»



**ЖШС «Бөбек балабаша – бөбекжайы корпус «Kinder Ville»
«Колокольчики» топтың қазақ тілі пән мұғалімі А.С.Оспанованың
2024-2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспары**

Айы	Тақырыбы	Ұйымдастырылған іс – әрекет міндеттері және мақсаттары
Қыркүйек	«Менің балабақшам»	Танысу, балабақша туралы сөздер қатарын толықтыра отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	«Менің бөлmem»	Балаларда бөлме туралы түсінік қалыптастыру. Балаларды бөлме, жиһазға байланысты сөздермен таныстыру. Сөзден сөз тіркесін құрап үйрету.
	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру, тақпақтар айтқызу, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.
	«Балабақшада кім жұмыс істейді?»	Балабақшада жұмыс істейтін қызметкерлер атауымен таныстыру. Жаңа сөздерді үйрету.
	«Күз сыйы»	Балаларға табиғат өзгерістері туралы түсінік беру, білімдерін тереңдету. Сурет бойынша әңгімелеп беруге үйрету.
	«Бақта не өседі?»	Жемістерге байланысты сөздер қатарын көбейте отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру
	«Көңілді көкөністер»	Балаларды көкөністер тақырыбына байланысты сөздік қорларын молайту.
	«Менің Қазақстаным!».	Балалардың Отанға, өзінің туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру және саналы, тәрбиелі азамат болып қалыптасуына әсер ету.
	Туыскандық атаулар	Отбасы мүшелері атауларын еске түсіріп, сөздік қорларына жаңа сөздер енгізіп, сөз тіркестерін дұрыс қолдана білуге, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
Қараша	Кел санайық	Санай білуге, сөздер қатарын толықтыра отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	Мен және менің дене мүшелерім»	Адамның дене мүшелері туралы толық мәлімет беру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету.

	«Құстарды тани білесің бе?»	Құстар туралы білімдерін молайту, дала құс атауларымен таныстыру.
Желтоқсан	«Алақай қыс келді!»	Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.
	«Туған жер –алтын бесігім!».	Туған елі, отаны-Қазақстан туралы түсініктерін кеңейту. Туған еліне деген сүйіспеншілікке баулу. Қазақ тілінде сөйлем құру және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ауызекі сөйлеуге дағдыландыру.
	«Құтты болсын, жаңа жыл»!	Жаңа сөздерді меңгерту. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелеп айту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру, танымдық белсенділігін дамыту.
	«Қыс қызығы»	Балалардың қыс мезгілінің ерекшелігі туралы түсінігін кеңейтіп, танымдық, шығармашылық қасиеттерін, тілдерін, сөздік қорын дамыту.
	Фермада (үй жануарлары)	Балаларды жануарлар тақырыбына байланысты сөздік қорларын толықтыру.
Қаңтар	Демалыс мейрам	
	Төлдер қандай сүйкімді	Төлдер атуларымен таныстыру, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	Үй құстары	Қазақ тілінде үй құстарының атауларын бекіту, үйренген сөздерін қолдана білуге үйрету.
Ақпан	Жабайы аңдар әлемі	Жабайы аңдарға байланысты сөздер қатарын толықтыра отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	«Киім дүкені»	Киімдерге байланысты сөздер қатарын көбейте отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	«Ұлттық киімдерді білесің бе?»	Ұлттық киімдерге байланысты сөздер қатарын толықтыра отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	Азық- түлік дүкені	Азық-түлікке байланысты сөздер қатарын көбейте отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.

	«Асхана» сюжеттік-рөлдік ойын (азық-түлік, сусындар)	Азық- түлік, сусындар түрлеріне байланысты сөздер қатарын толықтыру, оны күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру.
Наурыз	«Туған күнге шақыру»	Ыдыс-аяққа байланысты сөздер қатарын көбейте отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	«Көктем келді!»	Көктем мезгілінің белгілерін ағайды. Жаңа үйренген сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрату арқылы, ауызекі сөйлеулерін дамыту.
	Наурыз мейрамы	Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтеуге баулу.
	«Әжеге көмектесу»	Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.
Сәуір	«Түстер әлемі»	Түстер атаулары сөздер қатарын толықтыра отырып, күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру.
	Сыпайы сөздер	Сыпайы сөздер қатарын көбейте отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	Кеңістіктерді бағдарлау	Балалардың кеңістікті бағдарлау түсініктерін бекіту (оң, сол, жоғары, төмен, астында, үстінде), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен жеткізе білуін дамыту.
	Көлік түрлері	Көлікке байланысты сөздер қатарын көбейте отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
Мамыр	Демалыс мейрам	
	Батыр қол бастар	Балалардың қазақ әскері, Отанымыздың сенімді қорғаушылары туралы білімдерін бекіту.
	Өсімдіктер (Орманға саяхат)	Өсімдіктер тақырыбына байланысты сөздер қатарын көбейте отырып, күнделікті өмірде қолдандыруға дағдыландыру.
	Жайдарлы жаз келді	Жыл мезгіліне байланысты жаңа сөздермен таныстыру, сұрақты түсініп жауап беру дағдысын жетілдіру.